

"Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1052 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 маусымдағы № 776 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.02.2013 № 151 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1052 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары С.Н. Ахметовке жүктелсін.»;
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламада :

«Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» деген 7-бөлімде:

реттік нөмірі 106-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша), «ҚАМ» АҚ (келісім бойынша)».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*